

## **2002-2005 жылдарға арналған Атырау облысындағы қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы**

Екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихатының XVII сессиясының 2002 жылғы 19 сәуірдегі N 199-II шешімі, Атырау облыстық әділет басқармасында 2002 жылғы 24 мамырда №N 976 тіркелді

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы 4153 "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 маусымдағы 878 "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары туралы" қаулысын орындау мақсатында II сайланған Атырау облыстық Мәслихатының XVII шешім етті:

1. N 1, N 2-қосымшаларға сәйкес Атырау облысы бойынша қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі іс-қимыл жоспары (ілгері қарай - Жоспар) бекітілсін.

2. Атырау қаласы және аудан әкімдері, облыстық басқармалар, комитеттер және департаменттер басшылары оны жүзеге асыруға қажетті қаражат бөлуді қарастыра отырып, жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын уақтылы қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (У.Бисенұлы) тапсырылсын.

*Облыстық Мәслихаттың XVII*

*сессиясының төрағасы*

*Облыстық Мәслихаттың хатшысы*

Атырау облыстық әкімшілігінің қаулысы  
2002 жылғы 21 ақпан N 99

**2002-2005 жылдарға арналған Атырау облысындағы қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы NN№4153 "Халық денсаулығы»мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 маусымдағы N 878 "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары туралы" қаулысын орындау мақсатында облыс әкімшілігі **қаулы етеді:**

1. NN 1, №2 қосымшаларға сәйкес Атырау облысы бойынша қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі іс-қимыл жоспары (ілгері қарай -Жоспар) мақұлданып және облыстық мәслихаттың кезекті сессиясына бекітуге ұсынылсын.

2. Атырау қаласы және аудан әкімдері, облыстық басқармалар, комитеттер және департаменттер басшылары оны жүзеге асыруға қажетті қаражат бөлуді қарастыра отырып, жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ф.Ф.Ерғалиеваға жүктелсін.

#### Облыс әкімі

Облыстық әкімияттың  
2002 жылғы 21 «ақпан» N 99

қаулысына N№1 қосымша

### **Атырау облысындағы қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі іс-қимыл жоспары**

#### **Кіріспе**

Халықтың денсаулық жағдайы экологиялық, әлеуметтік және шаруашылық себептері кешенімен тікелей байланысты. Халықтың денсаулық көрсеткіштері нашарлауының негізгі себебі қоршаған табиғи және өндірістік орта, әлеуметтік сала мен экономикалық жағдай факторларының кешенді әсерімен байланысты. Бұл демографиялық көрсеткіштерге әсер етуде. Мысалы, 1992 жылмен салыстырғанда 2001 жылы облыс бойынша бала туу көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 21,4-тен 8,5-ке дейін төмендеген. Сырқаттанудың жалпы деңгейі жоғары болып отыр. Әрбір 100 мың адамға шаққанда 54375,3 адам, балалар арасында - 62168,9. Балалардың (1 жасқа дейінгі нәрестелер) арасында өлім көрсеткіші төмендемей отыр. 2001 жылы облыс бойынша 1000 балаға шаққанда 21,6, ал 2000 жылы бұл көрсеткіш - 18,6 болды. Барлық қайтыс болған жаңа туған нәрестелердің ішінде кемтар туғандар үлесі - 21,8%.

Республика бойынша Атырау облысы жұқпалы аурулар деңгейі жоғары аймақ болып есептеледі, әсіресе, вирусты гепатит А, ауыр ішек аурулары, бұл жағдай ауыз сумен нашар қамтылудан болып отыр. Вирусты гепатит А орташа көрсеткіші республикалық деңгейден 2 есе, ауыр ішек аурулары 1,5 есе көп.

Облыста бүкіл Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы елдерімен және республика бойынша туберкулез ауруының деңгейі өте жоғары болып отыр. 2001 жылы бұл ауру көрсеткіші облыс бойынша - 253,0 болды, ал 2000 жылы - 162,4 болған немесе 1,6 есе өскен, оның ішінде Атырау қаласында - 327,5, Индер ауданында - 277,4.

Халық тұратын және еңбек ететін жерлерде облыс көлемінде онтайлы санитарлық-гигиеналық жағдай жасау проблемалары өткір қойылып отыр. Адам денсаулығына зиянды заттардың облыс бойынша ауаға жіберілу көлемі жылдан жылға көбейіп келеді. 2000 жылы 201,5 мың тонна зиянды заттар ауаға шығарылған, бұл көрсеткіш 1992 жылы 154,0 мың тонна болған. Облыс аумағында атмосфералық ауаны ластайтын 25 объектілер бар, қоршаған ортаның ластануына негізгі үлесті мұнай-газ

өндіру кәсіпорындары мен автокөлік арқылы қосылып отыр. Соңғы жылдары атқарылған ауқымды шараларға қарамастан, халықты ауыз сумен қамту қанағаттанғысыз жағдайда қалып отыр. Орталықтандырылған ауыз сумен облыс көлемінде тұрғындардың 62,7%

қамтамасыз етілген. Халықтың 80% ашық су көздерін пайдаланады. Қызылқоға ауданындағы "Индер-Миялы" су құбыры тоқтап қалу жағдайында жұмыс істеп тұр, иесіздіктен және қаражат болмауынан Еркінқала ауылындағы ауыз су дайындайтын қондырғы жабылып қалды. 27 ауыз су тазалайтын қондырғының 3 қажетті тазарту қондырғылар жоқтығынан санитарлық талаптарға сай емес. Ауылдық жерлердегі су тазалайтын қондырғылар қаражат жетіспеушіліктен халыққа суды тазаламай беріп отыр.

Соңғы 5 жылда облыс көлеміндегі ауыз су тазартқыш қондырғылары мен құбырларының істен шығып, жұмысын тоқтату себептерінен ауыз-су пайдаланатын тұрғындардың саны 72% - дан 64,2%-ға азайып кетті, әсіресе Исатай ауданында 82,0%-дан 32,4%-ға, Жылыой ауданында 86,4%-дан 68,4%-ға, Қызылқоға ауданында 71,7%-дан 4,8%-ға, Атырау қаласында 93,5%-дан 88,4%-ға азайды.

Облыстағы 27 ауыз су қондырғыларының 60%-дан астамының ғимараттары мен технологиялық тізбектеріне күрделі жөндеу жұмыстары қажет етеді.

Мақат ауданының 40-шы жылдардағы темірден жасалған ауыз су қазандарының тозығы жеткен. Жылыой ауданындағы "Құлсарысуканал" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына қарасты 1,2,3,4 ауыз су қазандары апатты жағдайда.

Облыс бойынша 2001 жылы санитарлық ереже және шектеуге сәйкес емес ауыз-су сынамаларының меншікті салмағы бактериологиялық көрсеткіштерден - 2,7%, химиялық көрсеткіштен - 2,5%, соның ішінде орта облыстық бактериологиялық көрсеткіштен жоғары көрсеткіштер Құрманғазы және Индер аудандарында - 3,4%, Жылыой ауданында - 6,4% орта облыстық химиялық көрсеткіштен жоғары. Индер ауданында - 3,2%, Құрманғазы ауданында - 24,7%, Атырау қаласында коли-фагқа сынамалардың 3,5% оң нәтиже берді.

Ауыз су және канализация құбырлары қанағаттанғысыз жағдайға келіп, олардың 80% жуық ұзындығы күрделі жөндеу мен ауыстыруды талап етеді. Жыл сайын олардың бойында 2000 жуық апат тіркеліп, соның тек 80% бірінші тәулікте жөнделеді.

Атырау қаласы мен барлық аудан орталықтары канализацияларында биологиялық тазарту қондырғылары жоқ, сондықтан лас сулар булану алаңдарына тазартылмай жіберіледі.

Бүгінде, Атырау қаласы мен барлық 7 аудан орталықтарында жоспарлы-жүйелі түрдегі санитарлық тазарту жұмысы ұйымдастырылса да онымен елді мекендердегі тұрғындардың қамтылуы 20,7% құрайды. Ал ауылдық жерлерде тазалық жұмыстары тек санитарлық тазалық айлықтары

кезінде жүргізіледі. Уақтылы және толық шығарылмаған тұрмыстық қоқыстар, үйінділерге айналып ауру таратқыш жәндіктер мекеніне айналып, тұрғындар арасында эпидемиологиялық жағдайды шиеленістіретін басты фактор болып отыр.

Облыс бойынша қоқыс контейнерлері - 64,1%, қоқыс контейнерлері алаңшалары - 49,2%, арнайы тұрмыстық қоқыс шығару автокөліктері 75,3% қамтылған.

Облыс көлемінде тұрмыстық қоқысты көму полигоны немесе қоқыстарды өңдеу қондырғылары жоқ, ал қоқыс алаңдары ешқандай санитарлық талаптарға сай келмей, айналасындағы аумақтарды бірнеше шақырымға желді күндері ластауда.

Облыстағы 76 елді-мекендердің тек қана 36-да монша болып, тұрғындардың жуыну орындарымен қамтылу көрсеткіші 16% болса, бұл көрсеткіш 1992 жылы - 78,5% болатын.

Отандық тамақ өнімдерінің асортименті күрт азайып, консервіленген өнімдердің түрлері көбі шетелден әкелінуде, оның сапасы гигиеналық талаптарға әркез сәйкес келмейді.

Ірі өнеркәсіп орындарына келген шағын өндірістер, сырттай қарағанда, жетілдірілген технологиясына қарамастан, көп жағдайларда нашар бейімделген үй-жайларда, сатылатын өнім сапасының төмендеуіне әкеліп соқтыратын нормативтік және кадрмен қамтамасыз етілудің

өрескел кемшіліктерімен жұмыс істейді, жеке кәсіпкерлер тамақ өнімдері мен тауарларының қауіпсіздігі туралы гигиеналық қорытындысыз күмәнді сападағы заттарды жиі сатып алады.

Жылдан-жылға сауда саттықтағы тағамдардың сапасы нашарлауда, бактериологиялық көрсеткіші сай емесі 1999 жылы - 1,8% құраса, 2000 жылы - 2%, ал 2001 жылы - 2,5% құрады. Осы нормадан ауытқу көрсеткішінің 42% эпидмаңызды қоғамдық тамақтану объектілеріне, ал 40% базарлардан алынған тағамдар сынамалары болады.

Облыс көлемінде жұмыс істеп тұрған 31 базардың 9-ы, атап айтқанда Мақат ауданында - 4 базар, Индер ауданында - 2 базар, Махамбет, Атырау, Құрманғазыда 1 базар санитарлық талапқа сай жарақталмаған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.11.2000 ж. N№1783 қаулысымен бекітілген "Шикізат пен тағамдардың сапасы және адамға зиянсыз екенін белгілеу нұсқаулығы" бойынша сырт елдерден әкелінген тағамдарды міндетті түрде гигиеналық сараптамадан өткізу және олардың гигиеналық құжатталу тәртібі орындалмай отыр. Бұл жерде әкелінген тауарлар кеден мекемесінен өтеді, сол себептен облыстық санитарлық эпидемиологиялық станциясы бірнеше рет кеден басқармасына хат жазып өз ұсынысын берген. Нақты айтқанда тауарды кеденнен өткізген кезде гигиеналық сараптамадан өткізу немесе апта сайын әкелінген тауарлардың, иелерінің тізімін облыстық санитарлық эпидемиологиялық станцияға беріп отыру ұсынылған, бірақ, осы

мәселе әлі шешімін таппай отыр.

Облыс көлемінде шешімін таппай отырған мәселелердің бірі - балалар сүт кухнясын ашу. Қазіргі мезгілде тек қана Атырау қаласында 1 сүт кухнясын ашу жұмыс жүріп ж а т ы р .

Оқушыларға ыстық тамақ беру тек 28 мектепте (25,4%) ұйымдастырылған, басқа мектептерде асханаларды буфет ретінде пайдаланылады. Көп мектептердің асханаларында технология құралдары мен тоңазытқыштары істен шыққан.

Облыс мектептеріндегі оқушылардың тығыздығы-жобалық сыйымдылықтан 14,7% артық, оның ішінде Атырау қаласында - 26,6%, Жылыойда - 15,7%, Мақатта - 12,1%, Исатайда - 19,3%, Индерде - 9,9%, Қызылқоғада - 4,8%. 180 мектептің компьютерлік сыныптармен жабдықталғаны - 176. Қызылқоға ауданында 4 бастауыш мектептерде к о м п ь ю т е р л і к с ы н ы п т а р ж о қ .

Облыстағы 180 жалпы білім беру мектептерінің бір ауысымда оқитындары - 18 мектеп, 2 ауысымда - 158 мектеп, 3 ауысымда - 4 мектеп оқиды. Сынып толымдылығы аудандарда 25-30 оқушыдан, қала мектептерінде 29-32 оқушыдан, 42-де дене шынықтыру залы жоқ, дене шынықтыру сабағы ыңғайластырылған сыныптық бөлмелерде жүргізіледі. 162 мектеп орта буын медицина қызметкерлерімен және кабинетпен қамтылған, қалғандары жергілікті жанұялық дәрігерлік емханаларға бекітілген. Медициналық кабинеттер талапқа сай жабдықталып, жасақталмаған.

Мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау органдарының деректері бойынша кәсіпорындардың жұмыс орындарының ауасына 200-ден астам зиянды химиялық заттар бөлініп шығады екен және жұмысшылар өндірістік ортаның басқа да ф и з и к а л ы қ т е р б е л і с ,

электромагниттік өрістер, статикалық электр, жоғары және төмен температура, иондық сәулелену, ультрафиолет және инфрақызыл радиация, биологиялық (ауру қоздырғыш микроорганизмдер) және психофизиологиялық (физикалық және жүйке-физикалық а у ы р т п а л ы қ т а р )

бар. Облыс бойынша зиянды және қолайсыз факторлары бар жұмыс орындарында 8006 адам (18,6%) еңбек етеді. Барлық жұмыс орындарының 21,2% санитарлық талаптарға с а й е м е с .

Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қамту министрлігінің 1998 жылғы 15 қаңтардағы №2П бұйрығына сәйкес барлық 332 өндірістік кәсіпорындардың 288-і н е м е с е 7 1 , 7 %

жұмыс орындары аттестациядан өткізілген. Санитарлық-тұрмыстық бөлмелермен қамту көрсеткіші - 86,4%. 2001 жылы облыс бойынша 1 кәсіптік сырқаттану ауруы тіркелген. Соңғы жылдары қаржының қиындықтарынан бұрын тиімді жұмыс істеп тұрған ірі өнеркәсіп орындардың қызметкерлерін медициналық қамтамасыз ету жүйесінің ұйымдастырылуы бұзылған. Ауыл шаруашылығы саласында ұжымшар, кеңшарлардың таратылуына байланысты көптеген шағын шаруа

қожалықтары құрылды, бұлар механизация құралдарымен өте нашар жабдықталған, жұмыс киімдері мен жеке қорғау құралдары санитарлық тұрмыстық бөлме жайларымен қамтамасыз етілмеген. Осының бәрі еңбек жағдайын нашарлатады және кәсіптік сырқаттардың пайда болуына, оның ішінде әсіресе біздің облысқа тән бруцеллез ауруына шалдығуына әкеліп соқтырады. 2001 жылы 14 бруцеллез ауруымен ауырған адамдар тіркелді, оның 11 - Қызылқоға, 3-і - Индер аудандарында, ал 2000 жылы бұл ауру тек 2 ғана болған еді.

Халық арасында санитарлық ағарту және насихаттау жұмыстары өз дәрежелерінде жүргізілмейді. Бұл жұмыстар халықты қарапайым гигиеналық ережелерге үйретуге, әркімге өз денсаулық жағдайы үшін жеке жауапкершілігі туралы түсіндіруге бағытталуы тиіс.

Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі іс-қимыл жоспарының негізгі мақсаттары қоршаған әлеуметтік, өндірістік және табиғи ортаны жақсарту, облыс тұрғындарының денсаулығын қорғау және осы іс-қимыл жоспарының шараларын орындау болып табылады. Бұл іс-шараларды жүзеге асыру аурудың, өлімнің азаюы, адамдардың өмірінің ұзаруы және еңбекке қабілетінің артуымен сипатталатын әлеуметтік экономикалық тиімділікке жеткізеді.

Облыстық әкімияттың  
2002 жылғы 21» ақпан

99 қаулысына 2 қосымша

**Атырау облысындағы қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі іс-қимыл жоспары**

**1-блок. Қоршаған орта гигиенасының жәй-күйін бағалау**

Рет №	Басымдық бағыты	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Күтілетін нәтиже	Жауапты орындаушы	Орындау
1	2	3	4	5	6	7
	Қоршаған табиғи ортаның, өндірістік ортаның ластану-ын және басқа да зиянды факторлардың адамдар денсаулығына зиян	1.Экологиялық аудандастыруға сәйкес облыстық санитарлық-гигиеналық аудандастырылу-ын жүргізу. Қоршағандың ортаның гигиенасы жөніндегі стратегияны әзірлеу 2. Қоршаған табиғи орта объектілерінде химия -	Аудандастыру картасыТұжырым жасау Тұжырымжасау Сараптамалық қорытынды Деректер жиынтығы	Облыстық санитарлық-гигиеналық жәй-күйін бақылау Қоршаған орта объектілерінің сапасын жақсарту және ластануын азайту Шаруашылық және өзге де қызметті жобалау және жүргізу барысында гигиена -	Облыстық санэпидстансасы (әрі қарай облСЭС), облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы ОблСЭС, облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы ОблСЭС	2002-2003 Үнемі Үнемі Ағымда санитарлық қоршаған орта объектілерінде







Редут селосы  
**Атырау қаласы:**  
5. Шағын су тазарту қондырғыларын салу: Амангельді селосы  
6. Атырау қаласында ауыз-су және канализация құбыры жүйелерінің құрылысын салу  
7. Қызылқоға, Жылыой аудандарындағы жерасты минералды су көздерінің мүмкіншілігін зерттеп, бальнеологиялық санаториялық-курорттық мекемелерін, асханалық, емдік минералды суларды құю кәсіпорындарының құрылысын салу мүмкіндігін зерделеу.  
8. Жылыой және Мақат аудандары елді мекендерін тұзсыздандыру ауыз су үшін тұшытушы қондырғылармен қамтамасыз ету  
9. Су тазарту қондырғылары мен жүйелерін, сондай-ақ басқа да сумен жабдықтау объектілерін тиісті санитарлық жағдайға келтіру және тұрғындарға ауыз суды жеткілікті көлемде және сапалы түрде беруді қамтамасыз ету.

Қала, аудан әкімдері

2002 - 2003 ж.

3-блок. Зиянды заттардың атмосфералық ауаға шығарылуы, электромагниттік өрістердің және басқа да физикалық факторлар көздеріне санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жасау

Рет №	Басымдық бағыты	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Күтілетін нәтиже	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
	Ауаның ластануы, шудың, электрромагниттің адамдардың денсаулығына тигізетін әсерін зерттеп, тиісті бағдарлама әзірлеу	<p>1. Атмосфера құрамының ластануының облыс және аудан тұрғындарының денсаулығына тигізетін әсерінің себеп салдарлық байланысын жүйелі тұрғыдан зерделеу.</p> <p>2. Технологиялық, ұйымдастыру-техникалық және қала құрылысы шараларын іске асыру жолымен улы заттардың ауаға шығарылуын қысқартуды қамтамасыз ету.</p> <p>3. Шудың облыс және аудан орталықтарында жол берілетін деңгейінен асып түсетін халық денсаулығына әсерінің шегін айқындау</p> <p>4. Неғұрлым қуатты электромагниттік сәулелену көздерін құжаттандыруды жүргізу, санитарлық қорғау аймақтары мен құрылыстар салуды шектеу аймақтары көлемдерінің нормативтерге сәйкестігін айқындау.</p>	<p>Облыс әкімі атына хабарлама</p> <p>Облыс әкімінің шешімі</p> <p>Шуға қатысты карталар, шу деңгейінің әсерін азайтушараларын дайындау.</p> <p>Электрромагниттік сәулелену көздерін құжаттандыру</p>	<p>Атмосфераның ластануының тұрғындар денсаулығына зиянды әсерін азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.</p> <p>Қоршаған ортаны жақсарту, сырқаттануды азайту.</p> <p>Шу деңгейінің әсерін азайту</p> <p>Электромагниттік сәулеленуді азайту</p>	<p>Денсаулық сақтау департаменті, облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы, ОблСЭС</p> <p>облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы</p> <p>ОблСЭС</p> <p>Денсаулық сақтау департаменті өндіріс орындары, мекемелер, Облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы, облСЭС</p>	<p>2002-2003 ж.</p> <p>2002 ж.</p> <p>2002-2003 ж.</p> <p>2002 ж.</p>

4-блок. Топырақтың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі, аумақтарды тұрмыстық және өндірістік қалдықтардан тазарту

Рет №	Басымдық бағыты	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Күтілетін нәтиже	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі

1	2	3	4	5	6	7
	<p>Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және жою жүйелерін жетілдіру.</p>	<p>1. Барлық аудан орталықтарында жоспарлы, жүйелі түрдегі тазалық жұмыстарын ұйымдастыру, қалған елді мекендерде оны сұраныс жүйесі бойынша жүргізу.</p> <p>2. Аудан орталықтарында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және жою үшін арнайы полигондарды салу.</p> <p>3. Атырау қаласының қоқыстарды өңдеу тұжырымдамасын жасақтау.</p> <p>4. Қоршаған орта объектілері мен өсімдік тектес азық-түліктерде минералдық тыңайтқыштар мен пестицидтердің қалдық мөлшерін табу әдісін жетілдіру.</p> <p>5. Аудан орталықтарын да мал өлекселерін көметін орындар салу</p> <p>6. Топырақтың ластануының сипаты мен деңгейін анықтау үшін өнеркәсіптік аудандардың жерлеріне түгендеу жүргізу.</p> <p>7. Су және канализация желілеріндегі ақауларды дер</p>	<p>Әкімдер шешімдері</p> <p>Зерттеу нәтижесі мен қорытынды-лары бойынша тұжырымдама</p> <p>Әкімдер шешімі</p> <p>Топырақ қыртысы ластануының картасы</p> <p>24 сағат ішінде жөндеу</p>	<p>Елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту</p> <p>Қоршаған орта объектілеріндегі пестицидтер құрамын азайту</p> <p>Індеттердің алдын алу</p> <p>Аурулардың алдын алу</p> <p>Аурулардың алдын алу</p>	<p>Қала, аудан әкімдері</p> <p>Аудан, қала әкімдері</p> <p>Атырау қаласының әкімі</p> <p>Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармасы, Облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы, облСЭС</p> <p>Аудан әкімдері</p> <p>Барлық мұнай-газ өндіру мекемелері (келісім бойынша)</p> <p>Су және канализация басқармасы</p>	<p>2002 ж.</p> <p>2002-2005</p> <p>2002-2004 ж.</p> <p>2002-2005 ж.</p>

кезінде жөн- деуді қамтамасыз ету.

2002-  
2003 ж.  
Ұдайы

### 5-блок. Ұтымды тамақтану және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі

Рет №	Басымдық бағыты	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Күтілетін нәтиже	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
	<p>Тұтынушыларды сапалы тағам өнімдерімен қанағаттандырылуын қорғау және оған кепілдік беру.</p> <p>Мал арқылы жұғатын аурулардың алдын алу.</p>	<p>1. Мемлекетаралық Котьяевка селосындағы кеден бекетінде бақылауға жататын өнімдер мен тауарлар әкелінуіне санитарлық бақылау постысын ұйымдастыру. Оны мамандармен және тағамдарды экспресс зерттеулерден өткізетін қазіргі заманғы құрал жабдықтармен жабдықтау.</p> <p>2. Барлық базарларда өсімдік өнімдері сапасына бақылау жасау мақсатында токсикологиялық зертхана филиалдарын ашу.</p> <p>3. Бюджетте қаралған қаражаттың көлемінде облыстық санэпидстансасын тамақ өнімдерін зерттеуді жеделдететін қазіргі заманғы құрал жабдықтармен жабдықтау (атомды-абсорциялық спектро-фометр, бетаспектрометр, т.б)</p> <p>4. Тамақтану өнімдерді, тамақ шикізатын, халық тұтынатын тауарларды кедендік ресімдеу мемлекеттік</p>	<p>Облыс әкімінің шешімі</p> <p>Облыс әкімі құрал жабдықтарды алу, іске қосу.</p> <p>Облыс әкімінің шешімі</p> <p>Темір жол басы мемлекеттік санитарлық дәрігерінің бұйрығы</p> <p>Гигиеналық тұжырым дама беру</p> <p>Іске қосу</p>	<p>Сапасыз тағам өнімдері мен тауарлар әкелінуіне жол бермеу.</p> <p>Сатылатын өсімдік өнімдері сапасының жақсаруы.</p> <p>Тамақ өнімдерінің сапасының жақсаруы</p> <p>Шеттен әкелінетін тағамдар мен тауарлар сапасының жақсаруы</p> <p>Шеттен әкелінетін тағамдар мен тауарлар сапасының жақсаруы</p> <p>Халықтың эпидемиологиялық салауаттылығы</p>	<p>Кеден басқармасы, облСЭС, аудан әкімі</p> <p>Токсикология» ЖШС-і (келісім бойынша)</p> <p>ОблСЭС, облыстық қаржы басқармасы</p> <p>Кеден басқармасы, ОблСЭС, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Атырау аймақтық басқармасы</p> <p>Темір жол көлігіндегі СЭС</p> <p>ОблСЭС</p> <p>Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Орталық малдәрігерлік лаборатория» РМК Атырау облыстық филиалы</p>	<p>2002 ж.</p> <p>2002 ж.</p> <p>2002-2003 ж.</p> <p>2002, одан әрі ұдайы</p> <p>Ұдайы</p> <p>Ұдайы</p>

		<p>тиісті бақылау органдарының тексеруінен кейін беруді қамтамасыз ету (санитарлық, малдәрігерлік және фитосанитарлық)</p> <p>5. Темір жол көлігі арқылы тағам, тамақ шикізаттарын тасымалдауға бақылау орнату . Көліктің осы түрімен тез бұзылатын тамақ түрлерін тасымалдауға тиым салу .</p> <p>6. Халыққа сатылатын тағамдар сапасына ұдайы санитарлық -эпидемиологиялық сараптама жүргізу.</p> <p>7. Ауру мал мүшелері мен толық денесін жоятын өртеу пештерін сатып алу.</p>				2002-2003 ж.
--	--	--	--	--	--	--------------

### 6-блок. Халықтың радиациялық қауіпсіздігі

Рет №	Басымдық бағыты	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Күтілетін нәтиже	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
1. 2.	Радиоактивтік сәуле көздерін , қалдықтарды қауіпсіз сақтау және жинау мәселелері Атырау облысы аумағының радиациялық жағдайын зерттеу.	1. Жұмыс істеу мерзімі біткен радиоактивті иондаушы сәуле көздерін есепке алуды және уақытында арнаулы мекемелерге тапсыруды қамтамасыз ету. 2. Құрылыс салынуға бөлінетін жерлерді радиациялық бақылаумен қамтамасыз ету. 3. Құрылыс материалдарындағы радионуclidтердің мөлшерін бақылау.	Арнаулы мекемелерге тапсырғандығы жөніндегі акт Зерттеу хаттамасы Зерттеу хаттамасы Зерттеу хаттамасы Зерттеу хаттамасы Зерттеу хаттамасы Зерттеу хаттамасы	Халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету Халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Шаруашылық субъектілері ОблСЭС, шаруашылық субъектілері ОблСЭС, шаруашылық субъектілері ОблСЭС, шаруашылық субъектілері ОблСЭС, шаруашылық субъектілері ОблСЭС, облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы	2002 жылдық 1 тоқсаны және әрі қарай жұмыс істеу мерзімінің бітуіне қарай. 2002жылдық 1 тоқсаны және әрі қарай жұмыс істеу мерзімінің бітуіне қарай 2002 Халық

		<p>4. Салынып біткен құрылыстарды қабылдап аларда радиациялық бақылаумен қамтамасыз ету.</p> <p>5. Ауыз су мен тамақ өнімдерінде радионуклидтердің мөлшерін бақылауды қамтамасыз ету.</p> <p>6. Бұрынғы Азғыр және Тайсойған полигондарының жерінде дайындалған мал өнімдерін радиациялық бақылаумен қамтамасыз ету.</p> <p>7. Халық шаруашылығы айналымына берерде</p> <p>Азғыр және Тайсойған полигондарында радиациялық бақылауды жүргізу.</p>				шаруашылығы айналымына берерде
--	--	---	--	--	--	--------------------------------

7-блок. Табиғи апаттық аудандары өнеркәсіптік апаттар аймағында болған эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру

Рет №	Басымдық бағыты	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Күтілетін нәтиже	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
	Су тасқыны және басқа да табиғи апаттардың кезінде облыс көлемінде санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық жағдайдың нашарлау ықтималдығын болжау.	1. Төтенше жағдайлар кезінде шұғыл медициналық көмекті және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі жоспарды әзірлеу. 2. Апат әсеріне	Әкім шешімі Денсаулық сақтау басқармасының, ОблСЭС бұйрығы	Халықтың қауіпсіздігі Кадрлардың біліктілігін көтеру	Денсаулық сақтау департаменті Денсаулық сақтау департаменті, облСЭС	2002 ж.

		ұшыраған ошақтар мен аудандарда жұмыс істейтін мамандарға деген қажеттілікті анықтау және оларды оқытып үйрету.				2002 - 2003 ж.
--	--	---	--	--	--	----------------

### 8-блок. Өнеркәсіптік объектілерде қалыпты еңбек жағдайын жасау

Рет №	Басымдық бағыты	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Күтілетін нәтиже	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
	Еңбектің гигиеналық жағдайын жақсарту, кәсіптік улану мен сырқаттанудың алдын алу.	1. Өндірісте жұмыс істейтін жасөспірім дер мен әйелдердің еңбек жағдайын жақсартуға қойылатын талаптарды күшейту. 2. Өндірістік объектілердің жұмыс орындарын төлқұжаттандыру. 3 . Жұмысшылардың денсаулық жағдайына жүйелі медициналық бақылауды қамтамасыз ету.	Еңбек жағдайын сараптау актісі. Жұмыс орындарын аттестациялау және төлқұжаттандыру. Қорытынды акт	Әйелдер және жасөспірімдер денсаулығының жақсаруы және оны сақтау. Еңбек жағдайын жақсарту. Жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсарту.	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті, облСЭС Өнеркәсіп орындары. Өндіріс орындары, денсаулық сақтау департаменті	2002 - 2003 ж. 2002 - 2003 ж. Ұдайы

### 9-блок. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау

Рет №	Басымдық бағыты	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Күтілетін нәтиже	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
	Жалпы білім беретін мекемелердің құрылысы мен күнделікті жұмысын санитарлық	1. Асханасы бар мектептерде оқушыларға ыстық тамақ беруді ұйымдастыру. 2. Бөлінген	Барлық мектептерде асхана ашу. Қабылдау актілері.	Жас ұрпақтардың денсаулығының жақсаруы. Жас ұрпақтардың денсаулығының жақсаруы. Оқушылардың	Қала, аудан әкімдері, облыстық білім беру департаменті Қала, аудан әкімдері, облыстық білім беру департаменті	2002 - 2003 ж. 2002 ж. ұдайы 2002 ж. 2002 - 2005 ж.

нормативтік талаптарға сәйкес келтіру.	қаражат шеңберінде мектептерде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу. 3. Жалпы білім беретін мектептерде және басқа оқу орындарында компьютерлік оқуды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларды сақтауды қамтамасыз ету. 4 . Оқушылардың оқу жағдайын жақсарту.	Компьютерлік кабинеттерді төлқұжаттау. Әкім шешімін дайындау Бала саны нормадан артық барлық мектептердегі оқушы санын қалыпқа келтіру.	денсаулығын жақсарту және сақтау . Атырау қаласында -26.6%. Исатай ауданында - 19.3% Жылыой ауданында - 15.6%. Индер ауданында 9.9% . Қызылқоға ауданында- 4.8% Тығыздықпен жұмыс жасайтын мектептердің сатылап тығыздығын азайтуға қол жеткізу	Қала, аудан әкімдері, облыстық білім департаменті, қалалық және аудандық білім бөлімдері
--	--	---	---	--

## 10-блок. Санитарлық ағарту

Рет №	Басымдық бағыты	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Күтілетін нәтиже	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
	Халықты гигиеналық тұрғыда тәрбие-леу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жұмыс қабілеті мен денсаулық жағдайына жағымсыз әсер ететін зиянды әдеттерге қарсы күресу шараларын күшейту.	1. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоршаған ортаның ластануы жағдайы туралы халыққа хабарлау. 2. Халықты жұқпалы аурулардың алудың қарапайым санитарлық-гигиеналық дағдыларына оқытып-үйрету. 3. Халықтың қалың бұқарасын	Бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар, теле-радио хабарларын ұйымдастыру. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар және көрнекі үгіт дайындау.	Халықтың санитарлық мәдениетін арттыру Халықтың эпидемиологиялық салауаттылығы Халықтың санитарлық салауаттылығы	Денсаулық сақтау департаменті, қоршаған ортаны қорғау басқармасы, әкімдер, облСЭС Денсаулық сақтау департаменті, облСЭС Денсаулық сақтау департаменті, облСЭС	Ұдайы



	санитарлық ағарту және жекелеген құрамды еңбектің, тұрмыс пен демалыстың қауіпсіз жағдайына гигиеналық тұрғыда оқыту.			Ұдайы Ұдайы
--	---	--	--	----------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК